

«Бекітемін»

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ директоры

М.Н. Ерманова

2025 ж.



Мектеп жасына дейінгі балалары мен олардың ата-аналарының қатысуымен Алғыс айту күніне арналған «Барлығына рақмет!» челленджін өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже меншік түрлері мен нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (мемлекеттік, жекеменшік) мектепке дейінгі ұйымдар арасында мектеп жасына дейінгі балалар мен олардың ата-аналарының қатысуымен Алғыс айту күніне арналған «Барлығына рақмет!» челленджін (бұдан әрі – Челлендж) мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді.

1.2. Челлендж «Балаларды ерте дамыту институты» РММ (бұдан әрі – Институт) 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3 **Мақсаты:** өскелең ұрпақты толеранттылыққа, үлкендерге құрмет көрсетуге және құрдастарымен дос болуға тәрбиелеу, этносаралық және ұлтаралық келісімді нығайту.

1.4. Міндеттері:

- балаларды қоғамның әлеуметтік және этикалық дәстүрлері мен нормаларына, жалпыадами құндылықтарға баулу;
- әдепті қарым-қатынас дағдыларын бекіту, балалардың алғыс айту шынайы болуы керек екендігін түсінуіне ықпал ету;
- балаларды жанашырлыққа, қайырымдылық пен мейірімділікке, татулыққа, достыққа баулу;
- балалардың құрмет көрсету, алғыс айту, ризашылық туралы түсініктерін кеңейту;
- отбасына, отбасылық дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.

2. Челленджді ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Челленджді ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар және білім басқармалары, аудандық және қалалық білім бөлімдері.

2.2. Челленджге мектепке дейінгі ұйымның (мемлекеттік, жекеменшік) тәрбиеленушілері және олардың ата-аналары (заңды өкілдері) қатыса алады.

2.3. Бейнероликте қатысушылардың (тәрбиеленуші мен ата-анасының) аты-жөні, өңірі және мектепке дейінгі ұйымның атауы көрсетілуі қажет.

2.4. Бейнеролик челленджді өткізу кезеңінде қатысушының Instagram желісіндегі **#Барлығынарақмет** хэштегімен жеке аккаунтында орналастырылуы тиіс.

2.5. Жалған, жабық аккаунттар және жазылушылар саны 5-тен кем аккаунттарға бейнероликтер орналастырылмайды.

2.6. Instagram-да @balalardy_damytu_instituty аккаунтына жазылу міндетті.

2.7. Бейнероликтер balalardy_damytu_instituty парақшасының Direct-ке жібермеу қажет.

2.8. Челленджді өткізу мерзімі: **2025 жылдың 17-ақпанынан 1-наурызға дейін.**

3. Бейнероликке қойылатын талаптар

3.1. Челленджге қатысушы ұзақтығы 1 минуттан аспайтын ата-аналарының қатысуымен бейнеролигін ұсынады.

3.2. Бейнеролик мазмұны қазақ халқының және еліміздің түрлі этностарының ортақ тарихын құрметтеуге, ұлтымыздың барлық кендігін, мейірімділігін, адами құндылықтарын жаңғыртуға арналуы тиіс.

3.3. Челлендж тақырыбына сәйкестігіне, шығармашылық жаңалығына, орындаушылардың өзіндік ерекшелігіне, мәнерлілігі мен эмоционалдылығына, дыбыстық сүйемелдеудің, бейне эффектілердің болуына, сондай-ақ іс-шараларды өткізудің креативті нысандарын таңдауға назар аудару қажет.

3.4. Материалды ұсына отырып, қатысушы:

- жеке деректерін пайдалануға және материалдарды сайтта, Интернет-БАҚ-та және басқа бұқаралық ақпарат көздерінде орналастыруға;

- материалдарды тегін пайдалануға, көпшілік алдында таратуға, интернет желісіне орналастыруға, шығармашылық жобаларға қосуға, БАҚ-та жариялауға, өңдеуге келісімін береді.

3.5. Челлендж аяқталғаннан кейін жүлделі орындар мен марапаттар қарастырылмаған.

Анықтамалар үшін телефон: 8 (7172) 57 46 52